

«6D110100 – Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжаяу және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбында Ахметова Камшат Мусахановнаның диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің

ПКІРІ

Ахметова Камшат Мусахановнаның «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжаяу және профилактикалық шараларын жетілдіру» диссертациялық жұмысы XXI ғасырдың басты індегіне айналған метаболизмдік синдромның таралу жиілігін, қауіп факторларын бағалап, осы синдромды болжаяу мен профилактикасының ғылыми негізін жасауға арналған.

Осы жұмысты орындау барысында К.М. Ахметова ғылыми – зерттеу қызметінің теориясы мен әдістемесі саласында қалыптасқан маман ретінде, зерттелетін мәселе бойынша әдебиетті талдау және шолу, эмпирикалық материалды жинау, өндөу және жинақтау, алынған нәтижелерді нақты негіздеу және практикалық ұсыныстарды әзірлеу бойынша үлкен жұмыс көлемін орындалап, өзін көрсете білді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында К.М. Ахметова метаболизмдік синдромнан зардап шегетін репродукциялық жастағы науқастардың денсаулық жағдайыларын антропометриялық және лабораториялық көрсеткіштері бойынша бағалады. Жүргізілген жұмыс нәтижелеріне сай, метаболизмдік синдромды болжаяу мен профилактикасының ғылыми негіздемесі жасалды.

Ахметова К.М. «Қазақ популяциясында метаболизмдік синдроммен ассоциацияланған генетикалық қауіпті ауруларды зерттеу ерекшеліктері» (2018-2020), «Қазақ популяциясында артериалды гипертензиямен байланысты миокард пен үйқы артериясының қайта модельденуімен ассоциацияланған гендер полиморфизмдерін зерттеу» (2018-2020) және «Қазақстан Республикасында дербестендірілген және превентивті медицинаны ендірудің ұлттық бағдарламасы» (2021-2023) ғылыми-техникалық бағдарламаларына қатысып, ғылыми ортадағы тәжірибесін арттыруда.

Диссертациялық жұмыс нәтижелеріне сай, авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу құқығы туралы куәлігі, патент және ғылыми мақалалар жарияланған. Диссертацияның негізгі нәтижелері «Астана медицина университеті» КеАҚ профилактикалық медицина және тағамтану кафедрасының оқу процестерінде пайдаланылады.

Осылайша, Ахметова К.М. диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы бар аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Ахметова Камшат Мусахановна 6D110100 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.

«АМУ» КеАҚ
спорт медицина курсымен,
профилактикалық медицина
және тағамтану кафедрасы
медицина ғылымдарының докторы,
профессор, ғылыми кеңесші



28.03.2022 ж.